

Ақтөбе қаласының білім бөлімі

МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

**МКҚК №45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының
өзін-өзі аттестаттау қорытындысы**

Ақтөбе-2025 ж.

**«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
«№45 « Алтын бала» бөбекжай – балабақшасы» мемлекеттік коммуналдық
қазыналық кәсіпорынының өзін-өзі бағалау
ҚОРЫТЫНДЫСЫ**

Ақтөбе қаласы

30 мамыр 2025 жыл

Өзін-өзі аттестаттаудың мақсаты: ҚР «Білім туралы» Заңына сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты талабына сай жүзеге асырылуын анықтау.

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:



1) Мекеменің атауы: «Ақтөбе қаласының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің №45 « Алтын бала» бөбекжай – балабақшасы мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорыны. Пайдалануға берілген жылы: 2014 жылы «01» желтоқсан айында Ақтөбе қаласының әкімдігінің 24.11.2014 жылғы №3634 қаулысымен құрылды. Сыйымдылығы 320 орын.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: Ақтөбе облысы, Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Бокенбай батыр көшесі 153 «Д» үй.

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87132 45-73-82, 87132 44-34-32, электронды поштасы altunbala_ysli@mail.ru

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Жусупова Шолпан Тургаевна, 2022 жылы 31 тамыз №237 Ақтөбе қаласының білім бөлімінің бұйрығымен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Қазақстан Республикасының «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамының Ақтөбе облыс бойынша филиалының Ақтөбе қаласы жер кадастры және тіркеу бөлімімен 03.08.2021 жылы берілген, БСН-141240007420, алғашқы мемлекеттік тіркеу күні 08.12.2014 жыл.

6) Рұқсат беру құжаттары: Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласындағы қызметтің басталғаны туралы 2015 жылғы 08 сәуіріндегі №KZ14RVK00001690 берілген хабарлама.

Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) Білім беру ұйымының білім беру салаларының және ұйымдастырылған оқу қызметінің МЖМБС талаптарына сәйкес № «Алтын бала» бөбекжай - балабақшасында оқу-тәрбие үрдісі мемлекеттік білім беру стандарты мен нормативті-басқару құжаттарына негізделіп іске асырылады.

Балабақша аптасына 5 күндік жұмыс жасайды, күніне 10,5 сағат. Бөбекжай – балабақшасы сыйымдылығы 320 орын. 13 топ. Қазіргі таңда 320 бала тәрбиеленуде. 2-5 жас аралығындағы балалар қабылданады. Күн тәртібі бойынша балалар 4 мезгіл тамақтандырылады. Балабақшаға тәрбиеленушілер контингенті **Balabagsha.akt.kz** сайтының жолдамасы арқылы тіркеледі.

Материалдық - техникалық және әлеуметтік базасы

№45 «Алтын бала» мектепке дейінгі ұйымында балаларды сауықтыруға және денсаулығын дамытуға, жан – жақты оқу – тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға барлық жағдай жасалынған.

Мектепке дейінгі ұйым әкімшілігі материалдық-техникалық базаның нығаюына көңіл бөледі.

Балабақшада дене тәрбиесі мен музыка залы біріктірілген, сондай-ақ меңгеруші, әдіскер, медициналық кабинет, қазақ тілі, психолог кабинеттері талапқа сай жабдықталған.



Психолог кабинеті



Қазақ тілі кабинеті






Музыка залы



Медициналық кабинет



Балабақшаның материалдық базасы жыл сайын толықтырылып отырады. Оқу-тәрбие жұмысына қажетті теледидар, видео, музыка орталығымен барлық топтар жабдықталған. Балабақшада 2 компьютер, 2 принтер, 1 сканер, 1 ксерокөшірме, 1 ламинат аппараты бар. Топтар парта, отырғыш, кереует, шкафтармен толық жабдықталған. Барлық топ ойыншықтармен, жиһаздармен және сюжетті ойын бұрыштары жиһаздарымен жабдықталған. Топтарда ойын бұрыштары мемлекеттік стандарт талаптарына сай 5 білім саласы бойынша безендірілген.





Балабақша қажетті тұрмыстық бұйымдармен: кір жуатын машина, тоңазытқыштар, су сүзгісі (фильтр) құралы, ауа баптағыш, үтіктейтін аппарат, лед-экран т.б. жабдықталған. Төсек орын әр балаға 3 данадан, ыдыстар барлық топтарда жеткілікті, үнемі жаңартылып, толықтырылып отырылады. Медициналық бөлме,асхана бөлмесі қажетті құралдармен жаңартылып талапқа сай жабдықталған, СанПин талаптарына сай.

Жеке тұлғаны дамыту орталығы:

- ойын іс-әрекетіне, әр түрлі ойлау қабілеттеріне қажетті құралдар және материалдармен;
- жапсыру, сурет, құрастыру іс -әрекеттеріне қажетті құралдар;
- балалардың қимылдық іс-әрекеттеріне қажетті спорттық құрал-жабдықтармен жабдықталған.
- Әр топта үстел үсті ойындары, құрастыру материалдары жеткілікті мөлшерде.Шығармашылық қиял және театр қызметі арқылы қоршаған ортамен таныстыру мақсатымен әр түрлі театрлар дайындалған. МДҰ- да және ата-ананың барлық қарым-қатынасы келісім шарт арқылы жүргізіледі. Онда ата-ананың төлем ақысы (тамақтану, балабақша міндеті, ата-ана міндеті)

көрсетілген. Ата-ананың төлем ақысының бағасы күніне 800 теңге № 45 «Алтын бала» МДҰ қалалық білім бөлімінің бұйрығына сәйкес келеді.

«Мен өз елімнің патриотымын» ашық тәрбие сағаты, «Туған өлкем – алтын бесігім» музыкалық фестивалі өткізілді. Әр жыл сайын жоспарға сәйкес «Кең байтақ менің Отаным» бұрышын жинақталады, жаңартылады, «ҚР Конституциясы – Қазақстанның тұрақты дамуы мен өркендеуінің негізі» тақырыбында тіл мамандарымен ұйымдастырылған викториналар, дискуссиялар өтеді. «Тәуелсіз елдің бақытты баласымыз», «Наурыз – жыл басы», «1-мамыр – Қазақстан халықтарының достық, бірлік мерекесі» ертеңгілік, тақырыптық сағаттары өткізіледі. «Арайлы Ақтөбем – туған өлкем!», «Қазақстан – менің туған өлкем» атты сурет көрмелері ұйымдастырылады.



Кадрлар әлеуетіне талдау

Қазіргі уақытта №45 «Алтын бала» МДҰ-да барлығы 32 педагог жұмыс жасайды. Мектепке дейінгі педагог-қызметкерлердің штаттық кестесі ҚР Үкіметінің 2008 жылғы 30 қаңтардағы № 77 қаулысымен бекітілген мектепке дейінгі ұйымдардың үлгі штаттық кестесіне сәйкес жасалған және қалалық білім бөлімі тарапынан бекітілген. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлар тұрақты.

2024-2025 оқу жылында барлығы 31 педагог жұмыс жасайды.

Педагогтардың құрамы:

Саны - 31 педагог.

Білім жетілдіру курсынан - 9 педагог өтті

Базалық «Өрлеу» БАҰО : 7 педагог (ақылы)

Жаңартылған білім мазмұны: 0 педагог

Балаларды ерте дамыту институты: 2 педагог (ақысыз)

Жоғары білімді педагогтар саны: 22 (70%);

Аяқталмаған жоғары: 3 (10%)

Арнаулы орта білімді педагогтар саны: 9 (30%);

Жоғарғы санатты: 0

Бірінші санатты: 0

Екінші санатты: 3

Педагог-зерттеуші: 3 (10%)

Педагог-сарапшы: 1 (3%)

Педагог-модератор: 17 – 53 %

Санаты жоқ: 7 – 23 %

Қазіргі таңда №45 «Алтын бала» мектепке дейінгі ұйымда 23 тәрбиеші, 1 психолог, 2 музыка жетекшісі, 1 қазақ тілі маманы, 2 дене шынықтыру нұсқаушысы, әдіскер, меңгеруші жұмыс жасайды.



Педагогтар өздерінің кәсіби шеберліктерін өз бетімен білім алу арқылы арттырады – бұл әдістемелік бірлестіктерге қатысу, өзара байланыс жасау, жаңашыл әдістемелік әдебиеттерді оқу, қалалық және облыстық семинарларға қатысып өз іс-тәжірибесімен бөлісу және қалалық, облыстық әдістемелік орталықтың қолдауымен әдістемелік жинақтырын баспадан шығару, қалалық, облыстық, республикалық баспаларға өз мақалаларын кеңестерін және ашық ҰІӨ-н жариялау.

№45 «Алтын бала» мектепке дейінгі ұйымында іс-жүргізу мемлекеттік тілде жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың жеке іс-қағаздары талапқа сай жүргізілген. Жеке іс қағаздарда кадрларды жұмысқа алу өтініштері, өмірбаяны, жұмысқа қабылданғандары туралы, жеке куәлігінің көшірмесі, еңбек кітапшалары,біліктілік арттыру курстарынан өткен сертификаттары және біліктілік санаты туралы бұйрықтарының көшірмелері барлығы түгел. Негізгі қызмет жөніндегі, жеке құрам бойынша бұйрықтар кітаптарының жүргізілуі талапқа сай. Мектепке дейінгі ұйымда кадрлардың еңбегін бағалау жұмыстары жақсы атқарылған. Педагог қызметкерлер мектепке дейінгі ұйым ішілік марапаттаулармен қатар қалалық, облыстық, республикалық марапаттарға ие.

Әр оқу жылындабөбекжай педагогтары түрлі тақырыптағы халықаралық, республикалық ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысып, жұмыстарын жариялауда.

- «Үздік тәрбиеші олимпиадасы - 2024» республикалық олимп. – 13 педагог
- «Заманауи педагог» респ. байқауы – 1 педагог
- «Үздік педагог олимпиадасы - 2025» республикалық олимп. – 5 педагог
- «Самғау» респ.журналының №41 шығарылымына – 11 мақала
- «Үздік сауат ашу ҰОҚ» қалалық сырттай байқауы – 2 педагог
- «Талантты педагог - 2024» респ.байқауы – 12 педагог
- Халықаралық тәжірибе алмасу конференциялары – 13 педагог
- «Білім нәрі» электронды журналы – 16 мақала
- «Асыл ұстаз» халықаралық журналы – 22 мақала
- «Өнегелі ұстаз» респ.байқауы – 22 педагог
- «Қалалық Тамыз кеңесі» - 3 педагог
- «Облыстық Тамыз кеңесі» - 9 педагог

Қызмет бабында жазаланған педагогтар тіркелмеген. Ұжым арасында салауатты моральдық- психологиялық ахуал қалыптасқан.

Сонымен қатар МДҰ тәрбиеленушілері республикалық, облыстық, қалалық байқауларға қатысып, жүлделі орындар иеленді.

- «Самғау» Республикалық ғылыми- әдістемелік журналының Алғыс хаты 2024 ж.;

- Республикалық байқау – фестиваль ұйымдастырушыларының Алғыс хаттары, Грамоталары 2025ж.;
- Халықаралық байқау – фестиваль ұйымдастырушыларының Алғыс хаттары 2018 ж.;
- «Ярче звезд» республикалық өнер фестивалі І орын 2019 ж.;
- «Жас талант KZ» республикалық балалар және жасөспірімдер байқау-фестивалі Бас жүлде 2019 ж.;
- «Би әлемінде-2019» хореографиялық ұжымдар арасындағы фестиваль-байқауы ІІІ орын 2019 ж.;
- «Мерейлі отбасы» ІІ республикалық отбасылық байқау Кубок 2019 ж.;
- «Мерейлі отбасы» ІІ республикалық отбасылық байқау Кубок 2018 ж.;
- «Қазақтың қара өлеңі құдіретім» республикалық Мұқағали оқулары Кубок «Үздік мекеме» 2019 ж.;
- «Білімді ұрпақ – бақытты болашақ» интеллектуалды байқауы Кубок «Үздік қатысушы» 2019 ж.;
- «Үкілім-ай» халықаралық өнер байқауы Кубок 2019 ж.;
- «Балбөбек-2018» МДҰ арасындағы өнер байқауы ІІІ орын 2018 ж.;
- «Таным топ» байқауынан жүлделі І орындар иеленгені үшін алғыс хат 2020 ж.;
- «ПОНИ», «Үркер» зияткерлік байқауларынан жүлделі орындар 2018,2019,2020 ж.ж.;
- «Самғау» Республикалық ғылыми- әдістемелік орталығы Кубок 2021 ж.;
- «Жұлдыздарға жол» республикалық байқауы – 2021 ж.;
- «Бидің сиқырлы әлемі» респ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Көңілді оркестр» респ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Біз мақтан тұтамыз» республикалық байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Көктем әсемдігі» қалалық байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Таным топ» республикалық байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Космос» респ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Мұқағали Мақатаев оқулары» республ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Күз – мерекем, күз – берекем - 2020» республ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Қыс ғажайыптары» респ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Би ырғағы» республ. Байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Талантты балаға-дарынды ұстаз» республ. байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Менің сүйікті ата-әжем» респ.байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Золотая осень» респ. байқауы – 2020-2021 ж.;
- «Қыс ғажайыптары» респ. байқауы – 2020-2021 ж.;

№45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасының жылдық жоспарына сәйкес оқу жылы барысында 5 рет педагогикалық кеңес ұйымдастырылған. Педагогикалық кеңес отырыстарына хаттама толтырылған. Педагог кадрлар жұмыстарының сұрақтары әкімшілік педагогикалық кеңестерде, кәсіподақ және өндірістік отырыстарда қарастырылады. Педагогикалық процестің ең

маңызды көрсеткіштерінің бірі –жұмыс нәтижесін сараптау болып саналса, мектепке дейінгі ұйымда әр жылға оқу- тәрбие жұмысының қорытындысы бойынша педагогтар мен тәрбиеленушілердің мониторингі жасалған.

МДҰ әкімшілігі қауіпсіздік техникасын, өрт қауіпсіздігі ережелерін, балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау нұсқауын сақтауды қатаң назарға алады. Тоқсан сайын қызметкерлермен нұсқаулықтар жүргізіледі.

МДҰ әкімшілігі мектепке дейінгі білім берудің мазмұнын жаңарту, педагогтардың кәсіби шеберлігін арттыру жұмыстарын жүйелі және жоспарлы түрде жүргізеді.

Әкімшілік-басқару қызметкерлер құрамы

Әкімшілік –басқару қызметкерлерінің құрамы штаттық кестеге сай жұмыс жасайды.Әкімшілік –басқару қызметкерлер құрамы төмендегіше:

№45 «Алтын бала» мектепке дейінгі ұйымын басқару қызметін Ш.Т.Жусупова атқарады. Педагогикалық еңбек өтілі - 37 жыл, ІІ санатты басшы. Осы аталған мекемеде 01.09.2022 жылдан бастап жұмыс жасауда. Білімі – жоғары: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту».

Басқару қызметін талдауы басшы мен әкімшілікпен, педагогтар арасында өзара анықталған қарым-қатынаста аналитикалық жұмыс жүйесін түсінікпен орындалатынын көрсетеді. Басқару қызметі педагогикалық ұйымның шапшаңдылығына және әр түрлі құбылыс қызметі туралы басқа түрдегі ақпаратпен негізделеді. Жылдық жұмыстың жоспарын талдау соңғы 4 жыл ішінде педагогикалық кеңес хаттамасы, оқу тәрбие процесін бақылау негізінде жұмыстың барлық құбылысы қаралды.

Әдіскер – А.С.Басмагамбетова №45 «Алтын бала» мектепке дейінгі ұйымында 2015 жылдан бастап жұмыс жасайды. Осы қызметі бойынша 2015 жылдың ақпан айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – жоғары: «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту».

Шаруашылық меңгерушісі Бекбусинова Г.М. 2022 жылдың қазан айынан бастап жұмыс жасайды. Білімі – жоғары. Іс қағаздарын жүргізуі талаптарға сай, іс-қағаздар номенклатурасы қалыптастырылған, меңгерушімен бекітіліп, құрылтайшымен келісілген. Осы құжаттар негізінде төмендегі құжаттар қалыптастырылған.

Медбике – Ниязова Д.Ж., білімі арнаулы орта, Ақтөбе медицина училищесін бітірген, осы мекемеде 2015 жылдан бастап қызмет атқарады.

Медбикенің құжаттары Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 09 шілдесіндегі № 23469 бұйрығы негізінде «Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптар» бойынша жинақталған.

Есепші – Малтиева С.А. Білімі – арнаулы орта. №45 «Алтын бала» МДҰ-да 2024 жылдың қаңтар айынан бастап декреттік демалыстағы есепшінің орнында жұмыс жасауда. Барлық құжаттарын уақытында жүргізеді. Мемориалдық кітап жүргізіледі, тігілген, нөмірленген. Ата-аналар жарнасының шоттары бар, айналым ведомосы бар, талаптарға сай жүргізіледі.

Барлық атқарушылардың жауапкершілік деңгейін қамтамасыз ететін әкімшілік мүшелерінің арасында функционалды міндеттері белгіленген. Меңгерушінің нормативті құжаттарға арналған жинақ папкісі бар. Меңгерушіге қажетті барлық құжаттары талапқа сай. Бұйрықтар кітаптары сауатты жүргізілген. Мектепке дейінгі ұйымның материалдық-техникалық базасын нығайту мақсатында жоспар бойынша жұмыстар жүргізілген. Мектепке дейінгі ұжымда салауатты психологиялық жақсы ахуалды қарым-қатынас қалыптастырылған.

Тәрбиеленушілердің контингенті

Мектепке дейінгі «Алтын бала» ұйымында жалпы тізім бойынша –320 бала. Балалардың құрамы 2-6 жас аралығын қамтиды, барлығы 13 топ. Топтардағы балалар санының орташы тығыздығы - 25 бала. Балалар қозғалысы кітабы жүргізіледі.

Тоқсан сайын және ай сайын балалардың қатысымы мен науқастануы есепке алынып қортындыланып отырады. Ата-аналармен жасалған келісім шарттары бар. Балалар қозғалысы журналы, жолдамаларды тіркеу, балалар мен ата құжаттарын тіркеу журналдары талапқа сай жүргізілген.

Оқу-әдістемелік жұмыстар

Бөбекжайдың алға қойған мақсаттарының бірі балалардың шығармашылық белсенділігін әр түрлі іс-әрекет түрінде дамыту, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың денсаулығы мен психологиялық ахуалын қамтамасыз ету;
- Рухани-адамгершілік тәрбие мазмұнын құрайтын жалпы адамгершілік құндылықтарға баулу;
- Күнделікті бірлесе атқаратын іс-әрекеттер барысында баланың бойын адамгершілік қарым-қатынасқа баули отырып, олардың талап-тілектерімен санасу, жанашырлық сезімдерін дамыту;
- Педагогтар мен ата-аналардың рухани-адамгершілік тұрғыда өсуіне жағдай жасау;
- Адамгершілік-рухани тұрғыда балаларды жан-жақты тәрбиелеу.
- Балалардың креативті ойлауын, шығармашылық қиялын және танымдық қабілеттерін дамыту;
- Коммуникативтік дағдылары мен біліктіліктерін арттыру;

Осы алынған міндеттемелер балалармен жүргізілетін оқыту-тәрбие жұмыстарында, оқу қызметтерінде жүзеге асырылады.

Ұжыммен шешілетін жылдық жоспар өзекті болып табылады, графикалық түрде ұсынылады. Педагогикалық жұмыстың нәтижесін арттыру мақсатында түрлі формада педагогикалық кеңестер, семинарлар, семинар-практикумдар, кеңес берулер, тренингтер өткізіледі. Әдістемелік жұмыстар диагностика, оқу-тәрбие жұмысын талдау, педкадрларды кәсіби даярлау деңгейі негізінде жүзеге асады. Педагогтар өз жұмыстарында жанашыл әдістемелерді, әдіс-тәсілдерді, формаларды қолданады.

Бөбекжайдың жылдық жоспарына сәйкес ұйымдастырылған түрлі шаралар баланың тұлға болып қалыптасуына бағытталған. Олар: мектепалды даярлық тобының балаларымен жүргізілген «Мен болашақ оқушымын» әңгімелесу сағаттары, «Білімнің бастауы балабақшада» мерекелік шарасы, музыка жетекшісі А.Әлжанованың «Ойын арқылы баланың ой-өрісін дамыту» ашық оқу қызметі, психологтың Арт терапия, Ертегі терапиясы, Музыка терапия бағытындағы жұмыстары, «От – тілсіз жау», «Жаяу жүргінші нені білуі керек?», «Жолда жүру ережесін сақтаймыз», «Бөгде адаммен сөйлеспе», «Тұрмыстық жағдайдағы қауіпсіздік шараларын сақтау», «Улы өсімдіктен қалай сақтанамыз», «Дұрыс тамақтану - денсаулықтың негізі», «Көз жанарын қалай күтеміз?» сияқты балалардың қауіпсіздік туралы білімдерін кеңейтуге бағытталған тақырыптық сағаттар. «Елорда күні», «Рәміздер күні», «Ата Заңым – айбыным!», «Білім күні», «Қарты бар үйдің қазынасы бар», «Ұстаз, сізге мың алғыс!», «Арайлы алтын күз», «Тәуелсіздік тұғырым», «Жарқыра, жаңа жыл!», «Алғыс айту күні», «8 наурыз – көктем мерекесі», «Наурыз, төрлет төріме!», «Күлкі күні», «Ғарышкер күні», «1 – мамыр бірлік пен ынтымақ күні», «Отан қорғаушылар күні», «9-мамыр Жеңіс күні», «Балабақшамен қоштасу» мерекелік шаралары мен ертеңгіліктері. Аталған мерекелерге сәйкес бөбекжайда ата-аналардың қатысуымен көрмелер ұйымдастырылады. Балалардың тілін, шығармашылық қабілетін дамытуға бағытталған «Ерте, ерте, ертеде...» ертегі қойылымдары жыл сайын байқау түрінде өткізіледі.

Ата-аналармен жұмыс түрлері жоспарға сай өтіп тұрады. «Астана күні», «Арайлы қалам, Ақтөбем!», «Төрлет, Наурыз, төріме!» мерекелері, «Баланың мектепке дайындығы» тақырыбындағы жиналысы, «Біз спортты сүйеміз!» спорттық эстафетасы, «Ең әдемі шырша» байқауы.

Жаңадан қабылданған балалармен және оның ата-аналарымен бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілуде. Баламен жеке жұмыстар, ата-аналарға, «Күн тәртібінің маңызы», «Балабақшадағы бейімделу кезіндегі ата-ананың рөлі» тақырыптарында кеңестер берілді. Өтпелі кезең дағдарысынан оңтайлы өтулеріне жағдай жасап, профилактикалық шаралар өткізіледі. Психологиялық кеңестер, тренингтер арқылы ата-анамен жұмыстар жүргізілді. «Балабақшаның ашық есік күні», «Әкеме ұқсағым келеді...» бейне-презентациялар, «Сезімді тыңдау» сауалнамасы, «Баланы тәрбиелеу – ортақ мақсатымыз!» психологиялық

тренингтер өткізіліп, нәтижесінде ата-аналарды балабақша өміріне ат салысуға шақырамыз.

Бөбекжай тәрбиешілері баламен жұмыс жасау барысында әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолданып келеді. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері бойынша жүйелі нәтиже қорытындысын шығарды; үлгі, ауызша нұсқаулық бойынша тапсырмаларды орындай алу, қолдың ұсақ моторикасын дамытуда жаңа технологиялардың элементтерін пайдаланып, сөздік қорларын молайтуда жаттығулар кеңінен қолданылады. Бейнелеу қызметінің дәстүрлі емес әдістері: «Алақан», «Саусақпен салу әдісі», «Бастыру», «Құммен сурет салу», «Кляксография», т.б. әдістерді қолдануда.

Мектепке дейінгі ұйымының басқа мекемелермен өзара байланысы және қатынасы және балаларды тәрбиелеу, күту бойынша басқару кестеде көрсетілген.

№ 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы

Спорттық сауықтыру байланысы	Ғылыми-тәжірибелік байланыс	Мәдени-тәрбиелік байланыс
«Сәуле» медициналық орталығы, №7 Облыстық салауаты өмір салтын қалыптастыру орталығы	ҚББ, әдістемелік кабинет, Ақтөбе облысы бойынша педагог қызметкерлердің білім жетілдіру институты, және №72 ІТ орта мектеп-лицейі, «Ақтөбе – Дарын» ӨҒТО	Т.Ахтанов атындағы драма театры, «Алақай» қуыршақ театры, «Өлкетану» мұражайы, облыстық планетарий

Мектепке дейінгі ұйымда сауықтыру-шынықтыру, эстетикалық, сөйлеу, ақыл-ой, танымдық дамуының белгілі жағдайлары жасалған.

Жылдық жоспар жұмысының талдануы, педагогикалық кеңестер жылдық жоспарға сай өткізілген, хаттамалары жазылып нөмірленген, мөр басылған. Педагогикалық кеңес тақырыптары дұрыс қойылған. Бұл іс-шаралар оқу-тәрбие жұмыстарын тиімді ұйымдастыруға, жылдық міндеттерді шешуге бағытталған. Театр түрлерін қолдану, балалардың логикалық қабілетін дамыту іс-әрекеттерінде инновациялық технологияларын ендіру және жетілдіру, тыңдау қабілетін, сөзді дыбыстық талдау машықтары, дұрыс әрі анық сөйлеу дағдыларын жетілдіру, балаларды әңгімелеуге үйрету, отбасымен байланыс жасау, сауықтыру-шынықтыру іс-әрекеттерін дұрыс ұйымдастыру сұрақтарына көп назар аударылады.

Оқу – тәрбие жұмысы

Барлық топтарда МЖМБС білім беру салалары бойынша жабдықталған :

Балалардың өз бетінше қимыл-қозғалыс іс-әрекеттеріне, баланың дене бітімі мен психикасын қолайлы сезінуін қамтамасыз ететін, қимылды ойындар жиынтығы, доптар, атрибуттар, табан бұлшық еттерін жетілдіруге арналған, массажды төсеніштер түрлі пішіні, ойын материалдары бар.

Мәдени-гигиеналық әдеттері мен дағдыларын кеңейтіп, жетілдіруге арналған сауықтыру-шынықтыру шаралар жоспары белгіленген.



Балалардың ойын технологиялары негізінде тілдерді ерте үйренуге арналған көркем әдебиеттермен қамтамасыз етілген.



Әр баланың танымдық іс-әрекетінің жеке дамуына әсер ететін сенсорлық-дидактикалық ойындары (мозайка, домино, құрастырулар, пазл түрлері, геометриялық пішін түрлері, әр түрлі конструкторлар) және қоршаған орта мен табиғатты ересектермен бірлесіп зерттеуге арналған табиғат бұрыштары жабдықталған.



Тәрбиеленушілердің жас шамасын ескере отырып, бейнелеу құралдарының түрлерімен мен музыкалық аспаптармен, ертегі және әңгімелер тыңдауға арналаған дидактикалық ойындармен жабдықталған.



Бейімделу процесіне ықпал ететін, мінез-құлықтың қарапайым ережелерін сақтай отырып, өз құрдастарымен ынтымақтастылыққа тәрбиелейтін жағдай жасалған. Жыл мезгілдері, үй және жабайы жануарлар жинағы, ұлттық бұрыштар, ойындар, ыдыс-аяқтармен жабдықталған.



Балалардың білімін бағалау

Мектепке дейінгі ұйымның басшылық қызметін Жусупова Шолпан Тургаевна атқарады. Жоғары педагогикалық білімі бар, II санатты басшы, педагогикалық өтілі-37 жыл, осы ұйымда 2022 жылдың қыркүйек айынан бастап

жұмыс жасайды. Меңгеруші педагогикалық ұжымның жұмысын басқарады, медициналық, қызмет көрсету персоналының жұмысын ұйымдастырады. Өз жұмысында ОТП бақылауға алады, циклограммаларды, педагогикалық жұмысты талдау бойынша жадынамаларды қолданады.

Педагогикалық жұмысының мониторингі ұжымның қызметін бақылауға, ұжым алдында көптеген міндеттерді қарастыруға, бөлуге, өз көмекшілеріне міндеттерді жүктеуге, әріптестердің жұмыс тәжірибесін қолдануға мүмкіндік береді. Осылайша басқару қызметінің сапасы артады.

Барлық педагогтардың, меңгерушінің өзара іс-әрекетке қатысу дәптерлері бар, ұсыныстар мен пікірлер жазылып таныстырылған. Ашық ұйымдастырылған оқу қызметтері әр жыл сайын жоспарланып өткізілген, материалдары жинақталған.

Балалардың біліктері мен дағдылары дамуының 2 жастан 6 жасқа дейінгі балалардың дамуын бағалау жүйесі және индикаторлар құрылымы бойынша жүргізілген.

Бағдарламаның барлық бөлімдерін қамтылуы бойынша:

№	Қорытынды деңгейі	2022-2023	2023-2024	2024-2025
1	I деңгей	15 %	6 %	16%
2	II деңгей	29 %	22%	29%
3	III деңгей	56 %	72%	55%

Ата-аналармен іс-шаралар жоспар бойынша жүргізіледі, барлық материалдар папкілерге жинақталған. Ата-аналар мектепке дейінгі ұйымның жұмысына әр кез қатысады.

Мектепке дейінгі ұйым жұмысының негізгі бағыты - тәрбие процесін ұйымдастыру, мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

Жылдық жұмыс жоспарын, педагогикалық кеңестердің хаттамаларын талдау, оқу-тәрбие процесін бақылау соңғы 4 жыл ішінде жұмыстың негізінде барлық бағыттарының қаралғанын көрсетті.

Нормативтік құжаттармен де тиісті жұмыстар жүргізіледі. Мектепке дейінгі ұйымның әкімшілігі жиналыстарда, педкеңестерде, барлық қызметкерлерді ҚР Президентінің Жолдауымен, ҚР Заңымен таныстырады.

Ұйымда іс-қағаздарын жүргізу жұмысы барлық талаптар бойынша жүзеге асырылады: еңбек кітапшалары, еңбек кітапшаларының қозғалысы туралы дәптер, балалардың, педагогтардың жеке іс-қағаздары, ата-аналармен келісім шарттар, бұйрықтар кітабы, өндірістік жиналыстардың хаттамалары, бақылау дәптерлері, инструктаж журналы т.б. жүргізіледі.

Басқару қызметінің жұмысына талдау жасай келе, педагогтардың шығармашылықпен жұмыс жасауына ықпал ететінін, туындайтын мәселелерді шешуге көмегін тигізетінін атап өтуге болады.

Ұсыныстар:

1. Педагогикалық құрамының сапасын одан әрі жақсарту мақсатында педагогтардың «Мектепке дейінгі ұйым тәрбиешісі» мамандығы бойынша білім алуларына және жетілдіруіне жағдай жасау.
 2. Педагогтардың санаттық деңгейін көтеру жұмыстары жалғастырылсын.
 3. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетілсін.
 3. Тәрбиеленушілердің білім көрсеткіштерінің сапасын арттыру бағытында жұмыстар күшейтілсін.
 3. Барлық топтарда білім беру салаларының мазмұнына сай пәндік-дамытушы ортаны, табиғат бұрышын тірі табиғат иелерімен толықтыру.
- Ата-аналар мен педагогтар арасында жүйелі түрде сауалнамалар өткізіліп тұрсын.
4. Дене шынықтыру ҰІӨ-не қажетті жаңашыл спорттық құралдармен қамтамасыз ету.
 5. Әдістемелік бөлме қазақша әдістемелік әдебиеттермен толықтырылсын.

Қорытынды:

Мектепке дейінгі ұйымның басқару қызметі «жақсы» деңгейде деп есептелсін.

Комиссия № 45 «Алтын бала» мектепке дейінгі ұйымында өткен өзін-өзі аттестаттауды негізге ала отырып, төмендегідей шешім қабылдады:

1. № 45 «Алтын бала» бөбекжай-балабақшасы «мектепке дейінгі ұйым» мәртебесіне сай деп есептелсін.

Комиссия төрайымы:

№45 «Алтын бала» бөбекжай-

балабақшасының меңгерушісі:

Ш.Т.Жусупова

Комиссия мүшелері:

№45 «Алтын бала» бөбекжай-
балабақшасының әдіскері:

А.С.Басмагамбетова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі:

А.М.Ерекешова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі:

Г.Ч.Кунжарикова

№45 «Алтын бала» бөбекжай-
балабақшасының тәрбиешісі:

М.М.Тажбагамбетова

Хатшы:

Ж.С.Дарибаева

